

Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 576 Заңы.

Ескерту. Заңның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "қайтарып алған", "қайтарып алынғаны", "лицензиясы қайтарып алынса", "лицензияны қайтарып алған", "қайтарып алынған", "(қайтарып алынуына)", "лицензиясы қайтарып алынған" деген сөздер тиісінше "одан айырған", "одан айырылғаны", "лицензиясынан айырылса", "лицензиядан айырған", "одан айырылған", "(одан айырылуына)", "лицензиясынан айырылған" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "аффилиирлендірілген" деген сөз "үлестес" деген сөзбен ауыстырылды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Кіріспе алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) акционерлік инвестициялық қор - қызметінің айрықша түрі осы Заңда белгіленген талаптарға және өзінің инвестициялық декларациясына сәйкес осы қоғамның акционерлері оның акцияларын, заңды тұлғаның акционерлік инвестициялық қор етіп қайта құрылуы нәтижесінде қабылданған өзге де активтерді төлеу үшін қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жинақтау мен инвестициялау болып табылатын акционерлік қоғам;
- 2) әртараптандыру - инвестициялық қор активтері құнының төмендеу қаупін азайту мақсатында оларды түрлі қаржы құралдарына және өзге мүлікке орналастыру;
- 3) басқарушы компания – уәкілетті орган берген лицензия негізінде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

3-1) венчурлік қор – венчурлік қаржыландыру мақсаттарында ғана ақша мен өзге де мүлікті тартуды және жинақтауды жүзеге асыратын жай серіктестік немесе акционерлік қоғам немесе шаруашылық серіктестік нысанындағы заңды тұлға;

4) жылжымайтын мүлік қоры - қызметінің айрықша түрі осы Заңда белгіленген талаптарға және өзінің инвестициялық декларациясына сәйкес, осы қоғамның акционерлері оның акцияларын, заңды тұлғаның жылжымайтын мүлік қоры етіп қайта құрылуы нәтижесінде қабылданған өзге де активтерді төлеу үшін қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жылжымайтын мүлікке және осы Заңда рұқсат етілген өзге де мүлікке жинақтау мен инвестициялау болып табылатын акционерлік инвестициялық қор;

5) инвестициялық декларация - инвестициялау объектілерінің тізбесін, инвестициялық қор активтеріне қатысты инвестициялық қызмет мақсатын, стратегиясын, шарттарын және оны шектеуді, қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайтын құжат;

6) инвестициялық кіріс - инвестициялық қор активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған олардың ақшалай көрінісіндегі өсімі;

7) инвестициялық қор - осы Заңға сәйкес құрылған акционерлік инвестициялық немесе инвестициялық пай қоры;

8) инвестициялық қордың активтері - акционерлік инвестициялық қорға тиесілі немесе инвестициялық пай қорын құрайтын активтер жиынтығы;

9) инвестициялық қордың таза активтерінің құны - инвестициялық қордың барлық активтерінің құны мен оның инвестициялық қор активтері есебінен төленуге жататын міндеттемелері не есептелген шығыстары арасындағы айырма ретінде айқындалатын инвестициялық қор активтері құнының ақшалай көрінісі;

10) инвестициялық пай қоры - пайға, сондай-ақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерге ақы төлеуден алынған, пайларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы;

11) инвестициялық пай қорының ережелері - инвестициялық пай қорының мақсаттарын, жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату шарттары мен тәртібін айқындайтын құжат;

12) инвестициялық шешім - инвестициялық қордың активтерін басқару процесінде қабылданатын оның активтерімен мәміле жасасу туралы шешім;

12-1) маркет-мейкер – қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралы бойынша баға белгіленімдерді жариялау және ұстап тұру жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйым;

13) пай - инвестициялық пай қорындағы оның иесінің үлесін, инвестициялық пай қоры жұмыс істеуін тоқтатқан кезде оның активтерін және (немесе) осы Заңда белгіленген жағдайда өзге де мүлікті өткізуден алынған ақшаны алу құқығын,

сондай-ақ осы Заңда айқындалған инвестициялық пай қоры қызметінің ерекшеліктеріне байланысты өзге де құқықтарды растайтын, шығарылымы құжатталмаған нысандағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз;

14) пай ұстаушы - инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоты бар және инвестициялық пай қорының пайлары бойынша құқықтарға ие тұлға;

15) пайды сатып алу – осы Заңға және инвестициялық пай қорының қағидаларына сәйкес айқындалатын оның құнын пай ұстаушысына басқарушы компанияның төлеуі арқылы пайды айналымнан шығару;

16) пайдың есептелу құны - инвестициялық пай қорының таза активтерінің құнын оның айналыстағы пайларының санына бөлу арқылы айқындалатын пай құнының ақшалай көрінісі;

17) пайдың номиналды құны - инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезіндегі пай құнының ақшалай көрінісі;

18) пайларды бастапқы орналастыру - инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшерін қалыптастыру мақсатында пайларды номиналды құны бойынша орналастыру кезеңі;

19) сенімгерлік басқару шарты - осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес ақшаны сенімгерлік басқаруға беру туралы басқарушы компания акционерлік инвестициялық қормен немесе инвестициялық пай қорының инвесторымен жасалатын, инвестициялық қор активтерін құрайтын инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт;

20) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасы

Ескерту. 2-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбеген болса, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңдары инвестициялық қорларға қолданылады.

4. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, шаруашылық серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы венчурлік қорларға қолданылады.

5. "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде инвестициялық қорлардың активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын басқарушы компанияларға осы Заңның және уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Заңға сәйкес қабылдайтын нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Осы Заңның реттеу нысанасы

1. Осы Заң:

1) акционерлік инвестициялық қорлардың құқықтық жағдайының және қызмет етуінің ерекшеліктеріне байланысты;

2) инвестициялық пай қорларын құру, олардың жұмыс істеуі және жұмыс істеуін тоқтату процесінде туындайтын;

3) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық басқару, оларды есепке алу мен сақтау, сондай-ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналысқа жіберуді, сатып алуды және өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне байланысты;

4) венчурлік қорлардың құқықтық жағдайы мен қызмет ету ерекшеліктеріне байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.

2. Осы Заң, басқарушы компанияларды және венчурлік басқарушыларды қоспағанда, қызметі Қазақстан Республикасының басқа заң актілерімен реттелетін өзге

тұлғалар жүзеге асыратын мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.

3. Осы Заң дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, тізбесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін ұйымдарға, олардың венчурлік қорлар құру жағдайларын қоспағанда, қолданылмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.13 N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-1-бап. Инвестициялық және венчурлік қорлардың қызметі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Акционерлік инвестициялық қорды құрудың, оның қызметінің, қайта ұйымдастырудың және таратудың, инвестициялық пай қорын құрудың, оның жұмыс істеуінің және жұмысын тоқтатудың және инвестициялық қорлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ венчурлік қорлардың құқықтық жағдайын және қызметін ұйымдастыруды белгілеу инвестициялық қорлардың қызметі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Инвестициялық және венчурлік қорлардың қызметі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық басқару, оларды есепке алу және сақтау жөніндегі қызметінің стандарттарын, сондай-ақ венчурлік басқарушының қызметі туралы ережелерді белгілеу;

2) инвестициялық және венчурлік қорлардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) қадағалау ресурстарын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты қызметіне шоғырландыру;

4) венчурлік қаржыландыру мақсатында жасалатын шарттардың ерекшеліктерін айқындау;

5) акционерлік инвестициялық қорлар акционерлерінің, инвестициялық пай қорларының пайларын ұстаушылардың, венчурлік қорлардың акционерлері мен қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін тиісті деңгейде қорғауды, инвестициялық және венчурлік қорлардың, инвестициялық қорлар активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және венчурлік қорлар активтерін басқаруды жүзеге асыратын

венчурлік басқарушылардың қызметі туралы ақпараттың толықтығын және тұтынушылар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету.

3. Инвестициялық және венчурлік қорлардың қызметі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары:

1) реттеу ресурстары мен құралдарын тиімді пайдалану;

2) инвестициялық және венчурлік қорлардың, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің және венчурлік қорлар активтерін басқару жөніндегі венчурлік басқарушылар қызметінің ашықтығы;

3) инвестициялық және венчурлік қорлардың тиімді жұмыс істеуі.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Инвестициялық қорлардың түрлері

1. Қазақстан Республикасында инвестициялық қорлардың мынадай түрлері:

1) акционерлік инвестициялық қор;

2) ашық, аралық немесе жабық нысандарда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қоры жұмыс істейді.

1-1. Алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол екі аптада бір реттен кем болмауға тиіс.

3. Инвестициялық аралық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол жылына бір реттен кем болмауға тиіс.

4. Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, сондай-ақ қор ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен пай бойынша дивидендтер алуға құқық береді.

Шығарған (берген) қаржы құралдары және (немесе) өзге де активтері жабық инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін және оның активтері мөлшерінің бес және одан көп пайызын құрайтын заңды тұлға осы инвестициялық қордың пай ұстаушысы болуға құқылы емес.

Егер осы Заңда және қордың ережелерінде өзгеше көзделмесе, жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушысы басқарушы компаниядан өзіне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы емес.

5. Инвестициялық декларациясында немесе ережелерінде осы Заңның 41-бабы 1-тармағының 6) және 9) тармақшаларында белгіленген инвестициялау шарттарын сақтамай, қордың активтерін инвестициялау мүмкіндігі көзделген инвестициялық қор тәуекелмен инвестициялау қоры болып табылады.

6. Акционерлік немесе жабық инвестициялық пай қорлары ғана тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлар бола алады. Жылжымайтын мүлік қоры тәуекелмен инвестицияланатын қорлар бола алмайды.

7. Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 182 , 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-1-бап. Ислам инвестициялық қорлары

1. Акционерлік инвестициялық қор не исламдық қаржыландыру принциптерін сақтай отырып, қор активтерін инвестициялауды жүзеге асыратын жабық пайлық инвестициялық қор ислам инвестициялық қоры болып табылады.

2. Ислам инвестициялық қорларының ислам бағалы қағаздарын ұстаушылары өкілінің міндеттерін кастодиан жүзеге асырады.

3. Ислам инвестициялық қорының инвестициялық декларациясы исламдық қаржыландыру принциптеріне сай болуға және исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілуге тиіс.

Ескерту. 4-1-баппен толықтырылды – ҚР 2009.02.12 N 133-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5-бап. Инвестициялық және венчурлік қорлардың атаулары

Ескерту. 5-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Акционерлік инвестициялық қордың атауында "акционерлік инвестициялық қор" деген сөздер болуға тиіс.

1-1. Жылжымайтын мүлік қоры болып әрекет ететін акционерлік инвестициялық қордың атауында "жылжымайтын мүлік қоры" деген сөздер болуға тиіс.

2. Тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қордың атауында осы қордың тәуекелмен инвестициялау қоры болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

3. Инвестициялық пай қорының атауында "инвестициялық пай қоры" деген сөздердің болуы, оның ашық, аралық немесе жабық болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

3-1. Ислам инвестициялық қорының атауында осы қордың ислам қоры болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

3-2. Венчурлік қордың атауында "венчурлік қор" деген сөздер қамтылуға тиіс.

4. Инвестициялық және венчурлік қорлардың атауларында "ұлттық", "орталық", "үкіметтік", "кепілдік берілген" немесе "сақтандырылған" деген сөздерді кез келген тілде көрсетілген немесе өзгертілген түрде пайдалануға тыйым салынады. Инвестициялық және венчурлік қорлардың атаулары инвестициялардан түсетін кірістің сақтандырылуын немесе оған кепілдік берілуін бекітпеуге немесе ұғындырмауға тиіс.

5. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі - Корпорация) акционерлік инвестициялық қор ретінде тіркелмеген және уәкілетті органда инвестициялық қордың акциялар шығарылымын тіркемеген, сондай-ақ басқарушы компаниямен сенімгерлік басқару шартын жасаспаған заңды тұлға өзін инвестициялық қор деп атауға, инвестициялық қор ретінде қызметті жүзеге асыруға және өз атауларында кез келген тіркесте "инвестициялық қор" деген сөздерді пайдалануға құқылы емес.

Егер акционерлік инвестициялық қор мен оның басқарушы компаниясы арасында жасалған сенімгерлік басқару шарты тоқтатылған, бұзылған немесе оның қолданылу мерзімі өткен күннен бастап екі ай ішінде акционерлік инвестициялық қор жаңа басқарушы компаниямен сенімгерлік басқару шартын жасаспаған жағдайда, акционерлік инвестициялық қор атауының өзгеруіне байланысты Корпорацияда қайта тіркелуге тиіс.

Акционерлік инвестициялық қордың осы Заңда белгіленген мерзімде Корпорацияда қайта тіркеуді жүзеге асырмауы мүдделі тараптардың кез келгенінің талап қоюы бойынша, осы Заңның 15-бабында белгіленген тәртіппен оны мәжбүрлеп тарату үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 182 , 2009.02.12 N 133-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Инвестициялық қордың активтерін басқару

1. Басқарушы компания инвестициялық қордың активтерін инвестициялық басқаруды инвестициялық қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының табыс алуы және осындай инвестициялау кезінде тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Акционерлік инвестициялық қор инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Акционерлік инвестициялық қордың мүлкі акционерлік инвестициялық қордың жарғысында айқындалған арақатынасында инвестициялауға арналған мүлікке және акционерлік инвестициялық қор мен оның органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған мүлікке бөлінеді.

Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялауға арналған мүлкі басқарушы компанияның инвестициялық басқаруына берілуге тиіс.

3. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялауға арналған мүлкіне сенімгерлік басқару шарты қолданылатын кезеңде акционерлік инвестициялық қор сенімгерлік басқарудағы мүлікке қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Аудитке қойылатын талаптар

1. Акционерлік инвестициялық қорға және (немесе) инвестициялық қордың басқару компаниясына аудитті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-1-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым жүргізеді.

Акционерлік инвестициялық қордың және осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының аудитін, егер акционерлік инвестициялық қор және осы басқарушы компания бір-біріне қатысты үлестес болып табылатын болса, сол бір аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Аудиторлық есеп коммерциялық құпия болып табылмайды.

3. Акционерлік инвестициялық қордың және (немесе) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының жыл сайынғы аудиторлық есептерінде акционерлік инвестициялық қордың және (немесе) инвестициялық қордың басқару компаниясының қаржылық есептілігі туралы аудиторлық ұйымның тәуелсіз пікірі және инвестициялық қордың инвестициялық басқаруға берілген (қабылданған) активтеріне қатысты есеп жүргізу және есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Акционерлік инвестициялық қор

8-бап. Акционерлік инвестициялық қордың құрылтайшылары мен акционерлеріне қойылатын талаптар

1. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар акционерлік инвестициялық қордың құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды.

2. Осы инвестициялық қормен тиісті шарттар жасаған басқарушы компания, кастодиан, орталық депозитарий, аудиторлық ұйым және бағалаушы акционерлік инвестициялық қордың акционерлері бола алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым салу тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қордың акционерлеріне қолданылмайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2006.07.07 N 182 , 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Акционерлік инвестициялық қорларға қойылатын талаптар

1. Акционерлік инвестициялық қордың:

- 1) осы Заңда көрсетілген қызметтен басқа қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыруға;
- 2) "алтын акция" енгізуге;
- 3) еншілес ұйымдар құруға;

4) жай акцияларды қоспағанда, өзге қаржы құралдарын шығаруға және орналастыруға құқығы жоқ.

Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген тыйым салу тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қорларға және жылжымайтын мүлік қорларына қолданылмайды.

Негізгі қызмет түрі жылжымайтын мүлік қорларының активтері есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету болып табылатын жылжымайтын мүлік қорлары еншілес ұйымдар құруға құқылы.

Жылжымайтын мүлік қорлары қордың активтері есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікті жалға беруге құқылы.

2. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялауға арналған мүлкін есепке алу мен сақтауды кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан жүзеге асырады.

3. Акционерлік инвестициялық қормен тиісті шарттар жасасқан басқарушы компания, аудиторлық ұйым және бағалаушы өзара үлестес болмауға тиіс.

4. Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07.N 182 , 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Акционерлік инвестициялық қордың жарғысы

Акционерлік инвестициялық қордың жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған мәліметтерден басқа:

1) қызметінің ерекше түрі оның инвестициялық декларациясының шарттарына және Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялау болып табылатыны туралы ереже;

2) акционерлік инвестициялық қор мен оның органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстардың түрлері, оларды айқындау тәртібі және олардың ең жоғары мөлшері болуға тиіс.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарында және осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған құжаттардан басқа, акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниямен жасасқан шарттарының жобалары, сондай-ақ акционерлік инвестициялық қор құрылтайшыларының жалпы жиналысы не жалғыз құрылтайшысы бекіткен инвестициялық декларация табыс етіледі.

3. Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Акционерлік инвестициялық қор акциялары шығарылымының проспектісінде, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған мәліметтерден басқа:

1) алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алуға өтінімдер берудің және оларды орындаудың шарттары мен тәртібі;

3) акционерлік инвестициялық қордың акцияларын орналастыру және (немесе) сатып алу жөніндегі делдалдардың (олар болған жағдайда) орналасқан жері мен байланыс телефондарының нөмірлері көрсетіле отырып, олардың тізбесі болуға тиіс.

5. Уәкілетті орган өзіне табыс етілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген немесе берілген құжаттарда қайшылықты, жаңылыстыруға әкеп соқтыратын мәліметтер болған жағдайда,

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

6. Уәкілетті орган өтініш берушіге бас тарту негіздемелерін көрсете отырып акционерлік инвестициялық қордың акцияларын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

7. Алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-бап. Акционерлік инвестициялық қордың акциялары

1. Акционерлік инвестициялық қордың акцияларына ақша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ғана төленеді.

Акцияларды орналастыру кезінде олардың ақысын толық төлемеуге жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы мынадай:

1) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын акционерлік қоғамды қайта ұйымдастыру кезінде акционерлік инвестициялық қордың акцияларына ақы төлеу;

2) "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қайта құру кезінде акционерлік инвестициялық қордың акцияларына ақы төлеу;

3) акционерлік инвестициялық қордың акцияларына конвертацияланатын эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі негізінде бағалы қағаздарды акционерлік инвестициялық қордың акцияларына конвертациялау;

4) акционерлік инвестициялық қордың жарғысы және акционерлік инвестициялық қор акционерлері жалпы жиналысының шешімі негізінде акционерлік инвестициялық қордың орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік инвестициялық қор акцияларының басқа түріне айырбастау жағдайларына қолданылмайды.

Осы тармақта көзделген жағдайларда акционерлік инвестициялық қордың акцияларын орналастырған кезде бағалау жүргізу талап етілмейді.

2. Акционерлік инвестициялық қордың акцияларын бастапқы орналастыру кезінде оларға төленетін ақшаны акцияларды сатып алушы акционерлік инвестициялық қордың осы қор кастодианындағы шотына аударады.

3. Тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қорлардың акцияларын қор биржасының сауда жүйесінде орналастыру мен айналысқа жіберуге,

егер мұндай орналастыру мен айналысқа жіберу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Акционерлік инвестициялық қор органдарының жұмыс істеу ерекшеліктері

1. Акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысына оның басқарушы компаниясының, кастодианының, орталық депозитарийдің және аудиторлық ұйымының, сондай-ақ уәкілетті органның өкілдері қатысуға құқылы.

Акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама қордың басқарушы компаниясына, кастодианына, орталық депозитарийіне, аудиторлық ұйымына және уәкілетті органға Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңдарында және акционерлік инвестициялық қордың жарғысында белгіленген тәртіппен жіберіледі.

2. Акционерлік инвестициялық қор акционерлері жалпы жиналысының қор акцияларын сатып алуға оның акционерлерінің тапсырыс беру мүмкіндігіне әкеліп соғатын шешімі жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау акционерлік инвестициялық қордың директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

4. Акционерлік инвестициялық қордың бірінші құрылтай жиналысында Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген мәселелер бойынша шешімдерден басқа, кастодиан таңдау туралы шешім қабылданады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу

1. Акционерлердің жалпы жиналысы қорды қайта ұйымдастыру немесе осы қордың жарғысына немесе акциялар шығару проспектісіне акционердің құқығына қысым жасайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана, акционерлік инвестициялық қордың акционері егер ол осы жалпы жиналысқа қатысса және көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе, сондай-ақ директорлар кеңесі инвестициялық декларацияға осы Заңның 39-бабы 1-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер қабылдаған жағдайда, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

2. Акционерлік қоғам инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында, осы қордың жарғысында немесе акциялар шығару проспектісінде белгіленген шарттар мен тәртіпте сатып алуға берілген акцияларды сатып алуға міндетті. Акционерлердің акцияларды сатып алу туралы талаптар қою құқығы осы өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгеннен кейін тоқтатылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Акционерлік инвестициялық қорды қайта ұйымдастыру және тарату

1. Акционерлік инвестициялық қорды қайта ұйымдастыру және тарату осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қайта ұйымдастыру немесе ерікті түрде тарату туралы шешім қабылданған жағдайда акционерлік инвестициялық қор бұл туралы уәкілетті органға акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысында аталған шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.

Осы тармақта көзделген хабарламаға акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімнің (шешімдердің) көшірмесі (көшірмелері), жаңадан құрылатын акционерлік инвестициялық қордың (акционерлік инвестициялық қорлардың) жарғысының (жарғыларының) көшірмесі (көшірмелері) қоса беріледі.

3. Акционерлік инвестициялық қорды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша сотқа инвестициялық қорды мәжбүрлеп тарату туралы талап-арызбен жүгінуге құқылы.

4. Акционерлік инвестициялық қор соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, ол соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сот шешімінің көшірмесін қоса беріп, бұл туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. Инвестициялық пай қоры

16-бап. Инвестициялық пай қорының құқықтық жағдайы

1. Инвестициялық пай қоры заңды тұлға болып табылмайды.

Егер инвестициялық пай қорының ережесінде өзгеше көзделмесе, қор шектелмеген мерзімге құрылады.

2. Инвестициялық пай қоры активтеріне меншік құқығындағы үлес басқарушы компания шығаратын паймен куәландырылады.

Осы Заңда белгіленген жағдайды қоспағанда, инвестициялық пай қорының активтерін оның пайларын ұстаушылар арасында бөлуге және олардан үлесті заттай бөліп алуға жол берілмейді.

3. Инвестициялық пай қоры активтерінің ең төмен мөлшері инвестициялық пай қорының қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Инвестициялық пай қорын құру

1. Инвестициялық пай қорын құру туралы шешімді, егер осы мәселе қордың жарғысында басқарушы компания акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаса, осы қордың басқарушы компаниясының директорлар кеңесі қабылдайды.

Инвестициялық пай қоры басқарушы компаниясының директорлар кеңесі, егер оның жарғысында өзгеше белгіленбесе, инвестициялық пай қорының ережелерін бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер де қабылдайды.

2. Басқарушы компания бірнеше ашық, аралық немесе жабық инвестициялық пай қорларын құруға құқылы.

Бір басқарушы компания құрған, бір түрдегі инвестициялық пай қорлары инвестициялық декларациялар бойынша ажыратылуға тиіс.

3. Басқарушы компания жұмыс істеуін жасалған шарттарға сәйкес өзі қамтамасыз ететін инвестициялық қорлардың пайларын ұстаушы бола алмайды.

Кастодиан, аудиторлық ұйым және бағалаушы жұмыс істеуін жасалған шарттарға сәйкес өздері қамтамасыз ететін инвестициялық пай қорларының пайларын ұстаушылар бола алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы басқарушы компания өзі маркет-мейкер функциясын орындау шеңберінде (басқарушы компания инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен қоса атқарған жағдайда) өзі басқаратын қор пайларын ұстаушы болған жағдайларға қолданылмайды. Бұл ретте осы басқарушы компанияның ұстауындағы пайлар саны ол басқаратын қордың барлық орналастырылған пайлары (сатып алынған пайларды қоспағанда) санының он пайызынан кем болуға тиіс.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

18-бап. Инвестициялық пай қорларын біріктіру немесе олардың нысанын өзгерту

1. Қордың қағидаларында белгіленген талаптармен және тәртіппен бір нысандағы инвестициялық пай қорларын біріктіруге жол беріледі.

2. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы жабық инвестициялық пай қорының инвестициялық портфелінің құрылымы ашық немесе аралық инвестициялық пай қоры портфелінің инвестициялық құрылымына қатысты осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және инвестициялық қор қағидаларында көзделген талаптарға сәйкес болған жағдайда қордың нысанын ашық немесе аралық инвестициялық пай қорына өзгерту туралы шешім қабылдауы мүмкін.

3. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының нысанын жабық инвестициялық пай қоры етіп өзгертуге жол берілмейді.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Инвестициялық пай қорының активтерін сенімгерлік басқару шарты

1. Инвестор инвестициялық пай қорының активтерін сенімгерлік басқару шарты бойынша ақшаны басқа инвесторлардың ақшасымен инвестициялық пай қорына біріктіру және кейіннен оларды осы қордың ережесіне сәйкес инвестициялау мақсатында басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруына береді.

2. Инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шарты қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын басқарушы компания инвестициялық пай қорының ережелерінде айқындайды. Қордың пай ұстаушысы инвестициялық пай қорының сенімгерлік басқару шартын көрсетілген шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдауы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген талаптармен бірге инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартында:

1) шартты бұзу және (немесе) қордың жұмысын тоқтату талаптары мен тәртібі;

2) қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру, басқарушы компанияның қор жұмыс істеуін тоқтатқаннан кейінгі, соның ішінде оның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясының қолданылуын тоқтата тұрған немесе одан айырған жағдайларда міндеттерін орындау шарттары мен тәртібі;

3) тараптардың жауапкершілігі болуға тиіс.

20-бап. Инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган басқарушы компания ұсынған мынадай құжаттар негізінде:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, еркін нысанда жасалған, басқарушы компанияның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған өтініш;

2) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші жалғыз акционері) қабылдаған инвестициялық пай қорын құру туралы шешімнің көшірмесі;

3) қордың директорлар кеңесі, басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленетін жалғыз акционері) бекіткен инвестициялық пай қорының қағидалары;

4) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) егер көрсетілген құжаттар бұрын уәкілетті органмен келісілмеген болса, басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, оның қызметінің, басқарушы компанияның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің инвестициялық пай қорын құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жұмысын тоқтату жөніндегі қызметінің шарттары мен тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.

1-1. Басқарушы компания өтініш пен қажетті құжаттарды электрондық нысанда ұсынады.

1-2. Пайлар шығарылымын тіркеуге, инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге байланысты іс-шаралар кешені инвестициялық пай қорының пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу болып табылады.

1-3. Инвестициялық пай қорының пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу мыналарды қамтиды:

1) инвестициялық пай қорының пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне қарау;

2) халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) туралы мәліметті қоса алғанда, инвестициялық пай қоры, бағалы қағаздар туралы мәліметтерді Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізу;

3) басқарушы компанияға электрондық нысанда:

инвестициялық пай қорының пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және қор қағидаларын;

өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, инвестициялық пай қорының қағидаларын және инвестициялық пай қорының пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу кезінде) жіберу.

1-4. Инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды келісу үшін басқарушы компания уәкілетті органға электрондық нысанда мына құжаттарды ұсынады:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, еркін нысанда жасалған, уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған өтініш;

2) өзгерістер мен толықтырулар ескерілген қордың қағидалары;

3) қордың қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болған орган отырысы шешімінің (хаттамасының) көшірмесі немесе хаттамасынан үзінді көшірме.

2. Алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуге табыс етілген құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

4. Пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу процесінде уәкілетті орган:

1) инвестициялық пай қорының ережесін;

2) егер көрсетілген құжаттар бұрын уәкілетті органмен келісілмеген болса, басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компания қызметінің, құрылымдық бөлімшелерінің және басқарушы компания қызметкерлеріне инвестициялық пай қорын құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жұмысын тоқтату жөніндегі қызметінің шарттары мен тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарын;

3) инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды келіседі.

5. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган басқарушы компанияға электрондық нысанда:

пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және инвестициялық пай қорының қағидаларын (инвестициялық пай қорының пайларын мемлекеттік тіркеу кезінде);

өзгерістер мен толықтырулар ескерілген инвестициялық пай қорының қағидаларын (өзгерістер мен толықтыруларды келісу кезінде);

инвестициялық пай қорының пайларын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (басқарушы компания өзгерген және инвестициялық пай қорының қағидаларына тиісті өзгерістер енгізілген кезде) жібереді.

6. Уәкілетті органның инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешімі:

1) табыс етілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) инвестициялық пай қорының ережелерінде, оларға өзгерістер мен толықтыруларда және келісуге табыс етілген өзге де құжаттарда қайшылықты немесе дәйектемесіз мәліметтер болған;

3) басқарушы компания қызметі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда қабылданады.

7. Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

21-бап. Инвестициялық пай қорының пайы

1. Пайдың бағасы мен бір ұстаушыға тиесілі пайлардың саны бөлшек сандармен көрсетілуі мүмкін.

2. Пай сатып алу инвестордың инвестициялық пай қорының сенімгерлік басқару шартына қосылғаны туралы куәландырады.

Пай ұстаушының өз пайын иелігінен шығаруы сенімгерлік басқару шартының бұзылғанын білдіреді.

3. Инвестициялық пай қорының пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асырады.

Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, пайларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде пайлармен жасалған мәмілелерді тіркеу ерекшеліктері орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында айқындалады.

4. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар қор активтерін инвестициялық басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша жауап

бермейді және өздерінің пайларына тиесілі құн шегінде зияндар тәуекелін оның ішінде инвестициялық пай қоры активтерінің рыноктік құнының өзгеруіне байланысты зияндар тәуекелін көтереді.

5. Ашық инвестициялық пай қорларының және тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық пай қорларының пайларын қор биржасының сауда жүйесінде орналастыру мен айналысқа жіберуге, егер мұндай орналастыру мен айналысқа жіберу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

22-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың құқықтары

1. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайын ұстаушы осы қордың басқарушы компаниясынан өзіне тиесілі пайды осы Заңда және осы қордың ережесінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен сатып алуды талап етуге құқылы.

2. Жабық инвестициялық пай қорының пайын ұстаушы осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, осы жабық инвестициялық пай қорының ережелерінде көзделген шарттармен және тәртіппен осы пай бойынша дивидендтерді мезгіл-мезгіл алып тұруға құқылы.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар инвестициялық пай қорының ережелеріне сәйкес басқарушы компанияның қызметін бақылауды жүзеге асырады.

23-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру

1. Инвестициялық пай қорларының пайлары Қазақстан Республикасының ұлттық валюта немесе пайдың номиналды құны көрсетілген валюта ақшасымен ғана төленуге тиіс.

2. Инвестициялық пай қорының пайларына төленетін ақша оларды орналастыру кезінде осы қордың кастодианындағы инвестициялық пай қорының шотына аударылады.

3. Бастапқы орналастыру кезеңінде инвестициялық пай қорының пайлары барлық инвесторлар үшін қор ережелерінде айқындалған бірыңғай нақтылы құн бойынша орналастырылады.

4. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру үш айдан ұзаққа созылмайды және қор ережесінде көрсетілген мерзімде басталады.

Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңі қор инвестициялық пай қоры активтерінің осы Заңда белгіленген ең төменгі мөлшеріне қол жеткізген кезде аяқталады.

5. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қордың таза активтерінің құны инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру мерзімін ұзартуға басқарушы компанияның өтініші негізінде уәкілетті органның рұқсатымен бір рет жол беріледі, бірақ ол үш айдан аспауға тиіс.

6. Инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу инвесторлардың пайларды сатып алуға өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

Инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдерді басқарушы компания немесе оның өкілдері осы Заңда және осы қордың ережесінде белгіленген шарттармен және тәртіппен қабылдайды және орындайды.

Өтінімнің болуы мен ақшаның түсуі пай ұстаушылар тізіліміндегі сатып алушының жеке шотына пайларды есепке алу шарты болып табылады. Пайларды есепке алу осы шарт орындалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Пайларды орналастыру кезінде пайларды пай ұстаушылар тізіліміндегі сатып алушының жеке шотына есепке алу мәмілесін тіркеу басқарушы компанияның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

7. Пайды кейіннен орналастыру бағасы, өтінім болған кезде, ақша түскен күннің алдындағы күннің соңында қалыптасқан баға бойынша айқындалады. Өтінім ақша түскеннен кейін түскен кезде пайды орналастыру бағасы өтінім келіп түскен күннің алдындағы күннің соңында қалыптасқан баға бойынша айқындалады. Пайды орналастыру бағасына, егер бұл қордың қағидаларында көзделген болса, үстемеақы қосылуы мүмкін.

8. Инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға:

1) инвестициялық пай қорының ережесінде белгіленген өтінімдер беру тәртібі мен шарттары сақталмаған;

2) уәкілетті органның немесе басқарушы компанияның шешімі бойынша инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру тоқтатыла тұрған;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де талаптар орындалмаған жағдайларда ғана жол беріледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу

1. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу инвестициялық пай қоры активтерінің құрамында бар немесе оларды өткізуден алынған ақша, сондай-ақ осы Заңмен белгіленген талаптарды сақтай отырып қарызға алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорларының пайларын бастапқы орналастыру мерзімі ішінде пайларды сатып алуға жол берілмейді.

3. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алу туралы талаптар пайларды сатып алуға өтінімдер нысанында беріледі.

4. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдерді басқарушы компания немесе оның өкілдері осы Заңда және осы қордың ережесінде белгіленген шарттармен және тәртіппен пайлар сатып алынатын күннің алдындағы жұмыс күні аяқталғанға дейін қабылдайды. Өтінім берушіге ақшаны беру (оның ішінде ақшаны ол көрсеткен шотқа аудару) пайларды сатып алған күні жүзеге асырылады.

5. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдер, егер қордың ережесінде көзделген болса, жеңілдіктер шегеріле отырып, пайларды сатып алу күнінің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы пайдың есептік құны негізге алынып айқындалған баға бойынша орындалады.

6. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы қордың пайларын сатып алуды оларды ұстаушылардың өтінімдері бойынша осы Заңда және осы қордың ережесінде белгіленген құн бойынша, мерзімдерде және уақыт кезеңдерінде жүзеге асыруға міндетті.

Аралық инвестициялық пай қорының пайларын айына бір реттен сирек сатып алуды жүргізген кезде пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау кезеңі үш жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

7. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережесіне пайларды ұстаушылар мүддесіне нұқсан келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, осы қордың пайларын ұстаушылар өздеріне тиесілі пайларды көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгізілген күнге дейін күнтізбелік отыз күн ішінде сатып алуды талап етуге құқылы.

8. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан:

- 1) қордың ережесінде белгіленген өтінім беру тәртібі мен шарттары сақталмаған;
- 2) осы Заңда көзделген тәртіппен қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайларда бас тартылуы мүмкін.

9. Осы баптың 3, 4, 5, 6 және 8-тармақтарының талаптары ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын басқарушы компания өзі маркет-мейкер функциясын орындау шеңберінде (басқарушы компания инвестициялық портфельді

басқару жөніндегі қызметті брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен қоса атқарған жағдайда) осы сатып алуды жүзеге асырған жағдайда қор бижасында оларды сатып алу арқылы сатып алуға қатысты қолданылмайды.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезіндегі үстеме ақылар мен жеңілдіктер

1. Инвестициялық пай қорының ережесінде пайларды кейіннен орналастыру кезінде олардың есептеу құнына үстеме ақылар немесе пайларды басқарушы компания сатып алған кезде олардың есептеу құнына жеңілдіктер қолдану шарттары мен мөлшерлері көзделуі мүмкін.

2. Жеңілдіктің ең жоғары мөлшері инвестициялық пай қорының пайын басқарушы компания сатып алған кезде оның есептеу құнының үш процентінен аспауы керек.

3. Инвестициялық пай қорының, оның қызметі тоқтатылған жағдайда не ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендіктен пайларын сатып алу кезінде пайдың есептеу құнынан жеңілдіктер жасауға жол берілмейді.

26-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру мен сатып алуды тоқтата тұру

1. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды:

1) инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалардың немесе шығарған (берген) қаржы құралдары инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын немесе шарттық міндеттемелерді бұзған немесе орындауы мүмкін болмаған жағдайларда уәкілетті органның ұйғарымы бойынша;

2) ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес басқарушы компания арқылы тоқтатыла тұрады.

2. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуды тоқтата тұру кезінде сонымен бір мезгілде осы қордың пайларын орналастыру тоқтатыла тұрады.

3. Пайларды орналастыруды және (немесе) сатып алу осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтар жойылғанға дейін белгісіз мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Пайларды орналастыру және (немесе) сатып алуды тоқтата тұру қажет болған жағдайда, басқарушы компания осындай тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою жөніндегі шараларды көрсете отырып, уәкілетті органға бұл туралы сол күні жазбаша хабарлауға міндетті.

Орналастыру және (немесе) сатып алу басталған күні басқарушы компания уәкілетті органды орналастырудың және (немесе) сатып алудың қайта басталғаны жөнінде хабардар етуге міндетті.

5. Егер бұл қор пайларын ұстаушылардың мүдделеріне сай келмесе, уәкілетті орган басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды тоқтата тұруына тыйым салуға, сондай-ақ осындай тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылғанға дейін пайларды орналастыру мен сатып алуды қайта бастауға тыйым салуға құқылы.

6. Басқарушы компания инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы компанияның немесе кастодианның лицензиясының қолданылуы тоқтатылғаны немесе одан айырылғаны туралы уәкілетті органның хабарламасын алған кезден бастап лицензияның қолданылуы қайта басталған, басқа басқарушы компания қордың басқа кастодианы тағайындалған немесе қордың жұмыс істеуі тоқтатылған күнге дейін тоқтата тұруға міндетті.

7. Басқарушы компания пайларды орналастыруды тоқтата тұру күніне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, орналастыруды тоқтата тұру туралы бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде хабардар еткен жағдайда, пайларды орналастыруды белгілі бір кезеңге тоқтата тұру мүмкіндігін аралық және жабық инвестициялық пай қорының ережелерінде көздеуге құқылы.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

27-бап. Инвестициялық пай қорының ережесі

1. Инвестициялық пай қорының ережесінде:

1) инвестициялық пай қорының толық және қысқартылған атауы;

2) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының толық атауы мен орналасқан жері;

3) инвестициялық пай қоры кастодианының толық атауы мен орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері;

4) алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) инвестициялық пай қоры басқарушы компаниясының және кастодианының аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың толық атауы;

6) инвестициялық декларация;

7) инвестициялық пай қорының активтерін инвестициялық декларация талаптарына сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері;

8) инвестициялық пай қоры жұмыс істейтін мерзім, не оның мерзімсіз жұмыс істеуі туралы көрсету;

- 9) инвестициялық пай қоры активтерін сенімгерлік басқару шарты;
- 10) инвестициялық пай қорының пайларына инвестициялау кезіндегі инвесторлар тәуекелдерінің сипаттамасы;
- 11) инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері;
- 12) инвестициялық пай қоры пайының бастапқы орналастыру кезеңіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе пайдың номиналды құны көрсетілетін өзге валютада көрсетілуі мүмкін номиналды құны;
- 13) инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдер беру мен оларды орындаудың шарттары мен тәртібі;
- 14) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың құқықтары мен міндеттері;
- 15) инвестициялық пай қоры активтерінің құнын және пайдың есептік құнын есепке алу және айқындау тәртібі;
- 16) пайларды орналастыру кезінде олардың есептік құнына үстеме ақы қолдану шарттары мен есептеу тәртібі;
- 17) басқарушы компанияның және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың осы қордың активтері есебінен төленуге жататын шығыстары мен сыйақыларының түрлері, айқындалу тәртібі және ең жоғары мөлшерлері;
- 18) басқарушы компанияның немесе кастодианның инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған немесе одан бас тартқан жағдайларда, оларды ауыстыру шарттары мен тәртібі;
- 19) инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі;
- 20) инвестициялық пай қорының жұмыс істеуінің тоқтатылғандығы туралы ақпарат жариялануға тиісті баспасөз басылымының атауын көрсете отырып, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуінің тоқтатылу, оның ішінде қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде пайларды сатып алудың шарттары мен тәртібі;
- 21) пай ұстаушылардың сұратулары бойынша есеп берудің шарттары мен тәртібі;
- 22) пай ұстаушылар алдында инвестициялық пай қоры, оның ережесі және оларға енгізілген өзгерістер, қордың таза активтері құнының және пайдың есептік құнының өзгеруі, пайды орналастыру және сатып алу бағалары туралы, сондай-ақ инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар, олардың қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ашу шарттары мен тәртібі;
- 23) басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі өкілдерінің (олар бар болса) байланыс телефондарының нөмірлері, орналасқан жері көрсетілген тізбесі болуға тиіс.

2. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережесінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа:

- 1) пайды сатып алуға өтінім беру және оны орындау шарттары мен тәртібі;
- 2) пайларды сатып алуды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі;
- 3) басқарушы компания пайды сатып алған кезде оның есептік құнына жеңілдік қолдану шарттары мен есептеу тәртібі;
- 4) басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу шарттары мен тәртібі;
- 5) пай ұстаушылардың тапсырысы бойынша пайларды сол басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы басқа ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларына айырбастау шарттары, қордың басқарушы компаниясының және кастодианының, сондай-ақ орталық депозитарийдің пайларды айырбастау рәсімін жүргізу шарттары мен тәртібі;
- 6) осы Заңда және қор ережесінде белгіленген тәртіппен инвестициялық пай қоры туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер болуға тиіс.

3. Жабық инвестициялық пай қорларының ережесінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа:

- 1) пайлар бойынша дивидендтер есептеу, төлеу шарттары мен тәртібі;
- 2) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру және өткізу шарттары, мерзімдері мен тәртібі, жалпы жиналыстың күн тәртібін, кворумын, жалпы жиналысқа өкілдікті анықтау тәртібі, дауыс беру, дауыстарды санау, жалпы жиналыстың хаттамасын ресімдеу тәртібі болуға тиіс.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Инвестициялық пай қорының ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар, егер сол қордың ережесінде оларды енгізу мүмкіндігі, шарттары және тәртібі көзделсе, басқарушы компанияның шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

2. Жабық инвестициялық пай қорының ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар пай ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша енгізіледі.

Жабық инвестициялық пай қорының ережелеріне өздерінің құқықтарына нұқсан келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қарсы дауыс берген пай ұстаушылар қор ережелерінде пай ұстаушының пайларды сатып алу құқығының болуына қарамастан, осы өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен келісілгендігі туралы

көрсетіле отырып, мәтіні баспасөз басылымында жарияланғаннан кейін немесе оларды қор ережелерінде белгіленген тәртіппен алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде басқарушы компаниядан өздеріне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы.

3. Мыналарды:

1) басқарушы компания атауының және (немесе) орналасқан жерінің;

2) кастодианның атауының және (немесе) орналасқан жерінің;

3) басқарушы компанияның және (немесе) кастодианның аудиторлық ұйымдарының, сондай-ақ олардың атауының және (немесе) орналасқан жерінің өзгеруін;

4) инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және иелену жөніндегі делдалдар тізбесінің өзгерістерін және (немесе) толықтыруларын қоспағанда, инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында санамаланған өзгерістер және (немесе) толықтырулар инвестициялық пай қорының қағидаларында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

4. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде қордың қағидаларына осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ғана енгізілуі мүмкін.

5. Инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті орган оларды басқарушы компания ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

6. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган өзгерістер мен толықтырулар ескерілген қордың қағидаларын электрондық нысанда басқарушы компанияға жібереді.

Уәкілетті органның инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды келісуден бас тарту туралы шешімдері:

1) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) келісуге ұсынылған қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар туралы қайшы келетін немесе жаңылыстыратын мәліметтер болған жағдайларда қабылданады.

7. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы бапта көзделген жағдайларда олардың уәкілетті органмен келісілгені туралы көрсетіле отырып, осы өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтіні инвестициялық пай қорының қағидаларында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан немесе пайлардың барлық ұстаушылары оны алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң күшіне енеді.

Инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсыну күніне бұл қордың бірде-бір пайы орналастырылмаған жағдайда, өзгерістер және (немесе) толықтырулар көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар уәкілетті органмен келісілген күннен кейін не осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылданған күннен кейін күшіне енеді.

Жабық инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар жабық инвестициялық пай қорының қағидаларында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV(2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты сыйақы мен шығыстар

1. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін және жұмыс істеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге байланысты сыйақылар мен шығыстардың түрлері, айқындалу тәртібі және ең жоғары мөлшері, оларды осы қордың активтері есебінен төлеу шарттары мен тәртібі инвестициялық пай қорының ережесімен айқындалады.

Инвестициялық пай қорының ережесінде айқындалмаған сыйақылар мен шығыстардың түрлері инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелуге жатпайды.

2. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді.

Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты осы кезеңнің сыйақылары мен шығыстарын төлеу, оның ішінде кастодиан мен орталық депозитарий көрсететін қызметке ақы төлеу басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен оның шығындары кейіннен инвестициялық пай қоры активтері есебінен өтеле отырып жүзеге асырылады. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін ең төменгі мөлшерге сәйкес келмегендіктен тоқтатылған жағдайларда, басқарушы компания қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде жұмсалған шығындарды өтеу бойынша залал тәуекелін мойнына алады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы

1. Пай ұстаушылардың жалпы жиналысы тек жабық инвестициялық пай қорларында өткізіледі.

2. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне:

1) қордың ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) қордың жұмыс істеуін тоқтату;

3) қорды басқа жабық инвестициялық пай қорымен біріктіру немесе қорды ашық немесе аралық қорға өзгерту;

4) қордың басқарушы компаниясын немесе кастодианын ауыстыру;

5) қордың ережесіне сәйкес өзге де мәселелерін шешу жатады.

3. Дауыс беру кезінде пайларды ұстаушыға берілетін дауыстардың саны оған тиесілі пайлардың санымен айқындалады.

4. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы жалпы жиналысты өткізу күніне қор пайларының кемінде үштен екісін иеленген пай ұстаушылар немесе олардың өкілдері дауыс беру рәсіміне қатысқан кезде шешім қабылдауға құқылы.

5. Жалпы жиналыстың шешімі жалпы жиналысқа қатысып отырған жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушыларының немесе олардың өкілдерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

6. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі қордың ережесінде белгіленген тәртіппен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

7. Басқарушы компанияның, кастодианның, орталық депозитарийдің және уәкілетті органның өкілдері жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға құқылы.

8. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесін басқарушы компания жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға жіберуге, сондай-ақ пайларды ұстаушыларға олардың сұратулары бойынша табыс етілуге тиіс.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV(2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

31-бап. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру

1. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын басқарушы компания өз бастамасы бойынша немесе осы қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талапты берген күні пайлардың

жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын пайды ұстаушылардың жазбаша талабы бойынша шақырады.

Басқарушы компания жабық инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы шешім қабылдаған кезде қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру немесе қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселені шешу үшін пайларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

2. Басқарушы компанияның бастамасы бойынша жалпы жиналысты шақыруға және өткізуге байланысты шығындарды басқарушы компания көтереді. Бұл ретте қордың ережесінде басқарушы компанияның бастамасы бойынша инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге жұмсалған шығыстарын осы қор активтерінің есебінен өтейтін жағдайлар көзделуі мүмкін.

3. Осы қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талап берілген күні пайлардың жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын пайларға ие болып отырған ұстаушылардың бастамасы бойынша жалпы жиналыс шақырылған жағдайда, жалпы жиналысты шақыруға және өткізуге байланысты шығындар инвестициялық пай қорының активтері есебінен өтеледі.

4. Пай ұстаушылардың жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы жазбаша талабында оны шақыру себебі, сондай-ақ жалпы жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

Жалпы жиналысты шақыру туралы жазбаша талап бір мезгілде уәкілетті органға хабарлана отырып, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясына, кастодианына және орталық депозитарийіне жіберілуге тиіс.

5. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес баспасөз басылымында жариялануы немесе қордың ережесіне сәйкес осы қордың әрбір пай ұстаушысына жеткізілуі тиіс.

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы

1. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың кворум болмағандықтан өткізілмей қалған жалпы жиналысының орнына қайтадан шақырылған жалпы жиналысы, күн тәртібіне жабық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселелерді шешу кіретін қайтадан өткізілетін жалпы жиналысты қоспағанда, осындай дауыс беруге қатысатын пайлардың санына қарамастан заңды деп есептеледі.

2. Жабық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселелерді шешу үшін пай

ұстаушылардың қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы, егер оған қатысу үшін тіркелу (сырттай дауыс беру өткізген жағдайда бюллетеньдер қабылдау) аяқталған кезде оған жалпы жиналысты (сырттай дауыс беруді) өткізу күні пайлардың жиынтығы он бес немесе одан астам процентін иеленетін ұстаушылар немесе олардың өкілдері тіркелсе (дауыс беруге бюллетеньдер табыс етсе), шешім қабылдауға құқылы.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы осындай күн тәртібімен өткізілмей қалған жиналыстан кейінгі күнтізбелік он төрт күннен ерте өткізілмейді.

33-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуға негіздемелер

1. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату мынадай жағдайларда:

1) инвестициялық пай қорын құрудың қор ережесінде белгіленген мерзімі өтсе;

2) пайларды бастапқы орналастыру аяқталған соң инвестициялық пай қорының таза активтерінің құны инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмесе;

2-1) инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күні осы Заңның 23-бабының 4-тармағында айқындалған талап орындалмаса;

3) пайларды сатып алу жөніндегі өтінімдерді орындау нәтижесінде инвестициялық пай қоры активтерінің құны инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмесе және осы сәйкессіздік ол туындаған күннен бастап екі ай ішінде жойылмаса;

4) басқарушы компания немесе кастодиан өзінің шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауға бұдан әрі мүмкіндігі жоқ екендігіне байланысты қор активтерін басқару немесе қор активтерін есепке алу және сақтау жөніндегі функцияларды бұдан әрі орындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаса және егер көрсетілген шешімді қабылдаған кезден бастап үш ай ішінде инвестициялық пай қоры ережесіне жаңа басқарушы компания және жаңа кастодиан тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енбеген болса;

5) басқарушы компанияның, кастодианның бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруына берілген лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрса және егер үш ай ішінде лицензияның қолданылуы қайта басталмаса немесе инвестициялық пай қоры ережесіне жаңа басқарушы компания, жаңа кастодиан тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енгізілмесе;

6) басқарушы компанияның немесе кастодианның бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруына берілген лицензиясынан айырылса және егер лицензиясынан айырылған кезден бастап екі ай ішінде инвестициялық пай қоры ережесіне жаңа басқарушы компания немесе жаңа кастодиан тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енбеген болса;

7) жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы оның жұмыс істеуін тоқтату туралы шешім қабылдаса;

8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздемелер бойынша жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуға негіз туындаған кезден бастап, кредиторлармен есеп айырысуларды жүзеге асыруды, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді және қалған активтерді пайлар ұстаушыларына қайтаруды қоспағанда, инвестициялық пай қорының активтерін жұмсауға жол берілмейді.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

34-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыратын тұлғалар

1. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды қордың басқарушы компаниясы жүзеге асырады. Жабық инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату үшін басқарушы компания пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақырады және өткізеді.

2. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе одан айырылған жағдайда қордың жұмыс істеуін тоқтатуды осы қордың кастодианы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Кастодиан лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе одан айырылған жағдайда қордың жұмыс істеуін тоқтатуды лицензиясының қолданылу-қолданылмауына қарамастан қордың басқарушы компаниясы жүзеге асырады.

4. Басқарушы компания және (немесе) кастодиан инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі тоқтатылған кезде осы Заңның және қор қағидаларының талаптарына сәйкес қор активтерін өткізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, инвестициялық пай қорының кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, қордың жұмыс істеуінің тоқтатылуына байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны пай ұстаушылардың арасында бөлуге міндетті.

Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар келіскен жағдайда, басқарушы компания және (немесе) кастодиан осы Заңның 36-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген шығыстарды төлегеннен кейін қалған ақшаны бөледі және өткізілмеген активтерді инвестициялық қор қағидаларында белгіленген тәртіппен пайларды ұстаушылардың меншігіне береді.

5. Уәкілетті орган инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату рәсімін бақылау үшін өз өкілін жіберуге құқылы.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022

№ 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату

1. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы немесе кастодианы қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіз туындаған кезден бастап үш жұмыс күн ішінде:

1) пай ұстаушыларға, уәкілетті органға, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға қор кредиторларына және қор активтерімен жасалған мәмілелері орындалмаған тараптарға инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатқаны, осы рәсімді жүргізу шарттары мен тәртібі туралы хабарлама жеткізуге;

2) пай ұстаушылар тізіліміндегі мәмілелерді тіркеудің тоқтатылған күнін көрсете отырып, осы қордың пай ұстаушылар тізіліміндегі есептік шоттар бойынша операцияларды тоқтату үшін орталық депозитарийге талап жіберуге міндетті.

Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату және мәмілелерді тіркеуді тоқтату туралы ақпарат аталған тұлғаларға қор ережесінде айқындалған шарттар мен тәртіпте жеткізіледі.

Кредиторлардың инвестициялық пай қорының активтері есебінен қанағаттандырылуға тиіс талаптарды беру мерзімі қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы оларға хабарланған күннен бастап бір айдан кем болмауға тиіс.

2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе пайларды бастапқы орналастыру аяқталған күні осы Заңның 23-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеуінен тоқтатылған кезде басқарушы компания немесе кастодиан қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіз туындаған кезден бастап он күннен кешіктірмей пай ұстаушыларға ақшаны қайтаруға міндетті.

3. Басқарушы компания немесе кастодиан талаптары қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторларды анықтау және инвестициялық пай қорының ол жұмыс істеп тұрған кезеңде төленген, бірақ жеткізілмеген (қордың меншігі ретінде тіркелмеген) активтерін алу жөнінде шаралар қолданады.

4. Кредиторлардың инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс талаптарды беру мерзімі аяқталғаннан кейін және аталған кредиторлармен есеп айырысулар басталғанға дейін қордың басқарушы компаниясы және (немесе) кастодианы инвестициялық пай қоры активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлар қойған талаптар туралы, қордың төленген, бірақ жеткізілмеген активтері туралы мәліметтер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қарау нәтижелері мен одан кейінгі әрекеттер туралы есеп жасайды және уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі тоқтатылған кезде міндеттемелерді орындау

1. Инвестициялық пай қорының активтерін өткізуден алынған ақша, осы Заңның 35-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, мынадай тәртіппен бөлінеді:

1) бірінші кезекте инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін үшінші тұлғалардың және олардың алдындағы қор міндеттемелері қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіз туындағанға дейін құралған өзге де кредиторлардың, сондай-ақ пайларды иеленуге немесе сатып алуға өтінімдері ішінара орындалған тұлғалардың (пайлардың ақысын төлеген, бірақ қор пайларын ұстаушылардың тізіліміне енгізілмеген тұлғалардың және пайларды сатып алуға өтінімдері қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіз туындаған кезге дейін қабылданған пай ұстаушылардың) шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

2) екінші кезекте инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы мен кастодианын қоспағанда, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату кезеңінде оның активтерін өткізуді және пайларын сатып алуды қамтамасыз ететін тұлғалардың шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

3) үшінші кезекте егер қордың жұмыс істеуін тоқтату кастодианның қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылса, оның кастодиандық қызметке лицензиясы күшінде болған жағдайда инвестициялық пай қоры кастодианының қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

4) төртінші кезекте егер қордың жұмыс істеуін тоқтату басқарушы компанияның қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылса, оның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы күшінде болған жағдайда инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

5) бесінші кезекте егер қордың жұмыс істеуін тоқтату орталық депозитарийдің қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылса, орталық депозитарийдің қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезекте пай ұстаушылар арасында активтерді бөлу жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі осы Заңның 33-бабы 1-тармағының 2) және 2-1) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда тоқтатылған кезде, қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты басқарушы компанияның шығыстары инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелмейді.

3. Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензиясы қолданылуының тоқтатыла тұруына (одан айырылуына) немесе оның бұдан әрі қорды сенімгерлік басқаруды жүзеге асырудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ қор кастодианының кастодиандық қызметке берілген лицензиясы қолданылуының тоқтатыла тұруына (одан айырылуына) немесе оның бұдан әрі қор

активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асырудан бас тартуына байланысты инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату кезінде басқарушы компанияның немесе кастодианның қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты шығыстары инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелмейді.

4. Басқарушы компанияға және кастодианға берілетін сыйақыны қоса алғанда, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуінің тоқтатылуына байланысты шығыстар инвестициялық пай қорының активтерін өткізу нәтижесінде алынған ақша сомасының бес пайызынан аспайтын мөлшерде инвестициялық пай қорының активтері есебінен өтеледі.

5. Осы бапқа сәйкес есеп айырысулар аяқталғаннан кейін күнтізбелік он төрт күн ішінде инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы немесе кастодианы қордың жұмыс істеуі тоқтатылғаны туралы:

- 1) қор кастодианының осы қордың барлық активтерін бөлу туралы хабарламасын;
- 2) орталық депозитарийдің осы қордың пайларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінің жабылғаны туралы хабарламасын қоса отырып, уәкілетті органға ақпаратты табыс етеді.

6. Уәкілетті органға инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі тоқтатылғаны туралы ұсынылған құжаттар алынған күнінен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде қаралады. Ұсынылған құжаттар осы баптың 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне пайлардың өтелгені туралы мәліметтер енгізеді.

Құжаттар ұсынылмаған немесе оларда осы баптың 2-тармағында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, уәкілетті орган инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатудан бас тартады.

7. Уәкілетті органның инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратты назарға алудан бас тарту туралы шешімдері ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда қабылданады.

Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратты назарға алудан бас тартылған жағдайда, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы немесе кастодианы уәкілетті органның ескертулерін жояды және бас тарту алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде пысықталған құжаттарды уәкілетті органға қайтадан ұсынады.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Инвестициялық қор активтерінің құрамы мен құны

37-бап. Инвестициялық қор активтерінің құрамы

1. Акционерлік (жылжымайтын мүлік қорларынан басқа) және инвестициялық пай қорларының активтерін қаржы құралдары құрайды.

2. Жылжымайтын мүлік қорларының активтерін қаржы құралдары, сондай-ақ мынадай инвестициялау объектілері:

1) ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ жер учаскелері;

1-1) аяқталмаған құрылыс объектілері;

1-2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес осындай деп танылатын инвестициялық жылжымайтын мүлік;

2) өндірістік құрал-сайман және ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсетуге қажетті негізгі құралдар құрайды.

Жылжымайтын мүлік қорларының активтерін мүлікке инвестициялау кезінде (бағалы қағаздар мен ақшаны қоспағанда) оны бағалаушы міндетті түрде бағалауға тиіс.

3. Акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесі, сондай-ақ қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау тәртібі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде және акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында немесе инвестициялық пай қорының қағидаларында айқындалады.

4. Жылжымайтын мүлік қорының таза активтері құнының кемінде сексен пайызын жылжымайтын мүлік құрауға тиіс.

Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына кіретін мүлік сақтандырылуға және (немесе) жылжымайтын мүлік қоры осы активтердің мөлшеріндей резервтік қор құрылуға тиіс.

5. Жылжымайтын мүлік қорларының активтерін құрайтын жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түсетін табыстарды шегергендегі жылжымайтын мүлік қорының қаржы жылының қорытындысы бойынша инвестициялық табысының кемінде елу пайызын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған табыстар құрауға тиіс.

6. Инвестициялық қор активтерінің құрамында:

1) осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының басқаруындағы инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пайлар;

2) осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясы шығарған (берген) активтер;

3) коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы акциялар немесе қатысу үлестері;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын және қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда, бір заңды тұлғаның бір түрдегі (шығарылымдағы) орналастырылған қаржы құралдарының жалпы санының он бес пайызынан асатын мөлшерде осы түрдегі (шығарылымдағы) қаржы құралдары болмауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 4) тармақшасының талабы тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорларға және негізгі қызмет түрі жылжымайтын мүлік қорларының активтері есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету болып табылатын еншілес ұйымдарды құру бөлігінде жылжымайтын мүлік қорларына қолданылмайды.

7. Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамы жылжымайтын мүлік қоры акцияларының шығарылымы тіркелген күннен бастап он екі ай ішінде осы баптың талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс.

Егер жылжымайтын мүлік қорының активтерімен қандай да бір мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде не өзге де жағдайларда жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына қойылатын талаптар және (немесе) шектеулер бұзылатын жағдайда, жылжымайтын мүлік қоры осындай оқиға болғаннан кейінгі бір күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге және жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамында осындай өзгерістер болған күннен бастап алты ай ішінде активтердің құрамын осы баптың талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

8. Бір басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық қорлар активтері мен басқарушы компанияның өз активтерінің қаржы рыногы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

9. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялық қордың активтері есебінен жасалатын инвестициялардың жинақталған мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

9-1. Дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке және оның ұлттық экономиканың бір саласында қызметін жүзеге асыратын үлестес тұлғаларына тиесілі бір тұлға шығарған (берген) қаржы құралдарына инвестициялық қордың активтері есебінен жасалатын инвестициялардың жинақталған мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

10. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен немесе пайлардың номиналды құны көрсетілген валютамен екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне ғана инвестициялануы мүмкін.

Инвестициялық пай қорының пайлары бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін депозиттеріне орналастырылатын екінші деңгейдегі банктер мына талаптарға сай болуға тиіс:

1) осы инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясына қатысты үлестес болып табылмауға тиіс;

2) екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

38-бап. Бухгалтерлік есеп және инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау

1. Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шарттармен, әдістеме бойынша және тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

3. Уәкілетті орган инвестициялық қор активтерінің, оның таза активтерінің құнын, пайдың есептік құнын, пайды кейіннен орналастыру немесе сатып алу бағаларын, акционерлік инвестициялық қордың акциясын сатып алу бағасын бағалау әдістері дұрыс қолданылмаған немесе құны дұрыс есептелмеген жағдайда, басқарушы компанияларға орындалуы міндетті нұсқаулар беруге құқылы.

4. Акционерлік инвестициялық қордың бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-тарау. Инвестициялық қордың активтерін басқару

39-бап. Инвестициялық қордың инвестициялық декларациясы

1. Инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында:

- 1) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының, кастодианы мен аудиторлық ұйымының толық атауы, олардың лицензияларының деректемелері және орналасқан жері;
- 2) инвестициялық қор активтерін есепке алу және олардың құнын айқындау тәртібі;
- 3) инвестициялық қордың активтері есебінен төленуге жататын, басқарушы компанияға, кастодиан мен өзге де тұлғаларға төленетін шығыстар мен сыйақылардың түрлері, оларды айқындау тәртібі және олардың ең жоғары мөлшерлері;
- 4) таза кірісті бөлу тәртібін және дивидендтер төлеуге жіберілетін ақшаның ең төмен мөлшерін қоса алғанда, дивидендтік саясат;
- 5) инвестициялық қордың инвестициялық саясаты мақсаттарының, міндеттерінің сипаттамасы;
- 6) инвестициялық қордың инвестициялау объектілерінің тізбесі, мәміле түрлері, инвестициялаудың шарттары мен лимиттері;
- 7) инвестициялық қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары;
- 8) инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдер сипаттамасы, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған іс-шаралар;
- 9) инвестициялық саясат бойынша осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген шектеулер қамтылуға тиіс.

2. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтыруларды осы инвестициялық қордың директорлар кеңесі бекітеді және олар бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актіде айқындалған тәртіппен уәкілетті органға электрондық нысанда тіркеуге ұсынылады.

Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органда тіркелгені туралы көрсетіле отырып, осы өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні баспасөз басылымында жарияланғаннан кейін немесе барлық акция ұстаушылар қордың жарғысында белгіленген тәртіппен оны алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң күшіне енеді.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

40-бап. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының қызметі

1. Басқарушы компания осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, сенімгерлік басқару шартында, инвестициялық декларацияда немесе инвестициялық қордың келісілген ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес іс-әрекет жасау арқылы осы инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын ұстаушылардың мүддесінде қорды сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

2. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы осы қор активтерінің құрамына кіретін эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың жалпы жиналыстарында қордың пайларын ұстаушылардың өкілі болып табылады.

3. Инвестициялық қорды басқарушы компания осы Заңда, сенімгерлік басқару шартында немесе қордың ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен инвестициялық декларацияға немесе қордың ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы.

4. Басқарушы компания қордың активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметке байланысты инвестициялық пай қорының пай ұстаушыларының өкілі ретінде болуға, сондай-ақ пай ұстаушылардың мүдделері үшін сотқа талап-арыз беруге құқылы.

5. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы инвестициялық қордың басқарушы компаниясы бола алады.

6. Инвестициялық қордың мүлкі жетімсіз болған жағдайда, инвестициялық қордың мүлкіне тиісінше басшылық жасалмауына байланысты туындаған берешекті басқарушы компанияның өз мүлкінен ғана өндіріп алуға болады.

Ескерту. 40-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

41-бап. Инвестициялық қордың активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты тыйымдар

1. Басқарушы компанияның өзі басқаратын инвестициялық қорға қатысты:

1) нәтижесінде Қазақстан Республикасы заңдарында, инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында немесе ережесінде белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелер жасасуға;

2) инвестициялық қор активтерін өтеусіз иеліктен шығару жөнінде инвестициялық шешімдер қабылдауға;

3) инвестициялық қордың активтерін өз міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың осы инвестициялық қордың активтерін басқару жөніндегі қызметімен байланысты емес міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін пайдалануға;

4) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, өзіне тиесілі активтерді инвестициялық қор активтерінің құрамына сатуға (беруге);

5) активтерді кредитке сатуға;

6) инвестициялық қор активтерінің есебінен қайтарылуға жататын ақшаны немесе өзге де мүлікті қарыз шарттарының талаптарымен алуға;

7) сенімгерлік басқару шартына, инвестициялық декларацияға немесе инвестициялық қордың ережелеріне сәйкес шығыстарды өтеу мен сыйақы алу, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып, басқарушы компанияның ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу үшін пайдаланған ақша сомасын өтеу жағдайларын қоспағанда, өзі басқаратын инвестициялық қордың активтерін сатып алуға;

8) өзі басқаратын басқа инвестициялық қордың активтерін инвестициялық қор активтерінің құрамына сатып алуға;

9) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, инвестициялық қордың активтері есебінен басқарушы компанияның үлестес тұлғаларынан инвестициялау объектілерін сатып алуға не оларға осы компанияның басқаруындағы инвестициялық қордың активтерін сатуға;

10) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11) алып тасталды – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-1) инвестициялық қордың акцияларын және пайларын осы жабық инвестициялық пай қорының активтері құрамына кіретін қаржы құралдары және (немесе) өзге де активтерді шығарған (берген) заңды тұлғаларға өткізуге құқылы емес.

12) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13) алып тасталды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 5) тармақшасының талаптары орталық контрагенттің көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, ашық сауда-саттық әдісімен қор биржасының сауда жүйесінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелерге қолданылмайды.

1-1. Осы баптың 1-тармағы 6) тармақшасының талабы:

1) осы баптың 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген шарттар сақталған кезде жылжымайтын мүлік қорларына;

2) 01.07.2019 дейін қолданыста болды - ҚР 02.07.2018 № 166-VI Заңымен.

3) инвестициялық декларацияға немесе инвестициялық қордың қағидаларына сәйкес қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасау жағдайларына;

4) осы баптың 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып, қордың ақша нысанындағы активтері осы үшін жеткіліксіз болған кезде қарыз ақшаны

инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын сатып алу үшін пайдалану жағдайларына;

5) акционерлік инвестициялық қордың борыштық бағалы қағаздарды шығаруына және орналастыруына қолданылмайды.

1-2. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртібін және (немесе) шарттарын бұзғаны үшін басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

2. Акцияларды немесе пайларды сатып алу үшін алынған қарыздың кез келген түрі бойынша инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелуге жататын берешектердің жиынтық көлемі инвестициялық қордың таза активтері құнының он процентінен аспауға тиіс.

Акцияларды немесе пайларды сатып алу үшін қарызға қаражат тарту мерзімі (ұзарту мерзімін қосқанда) үш айдан аспауға тиіс.

Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға арналған қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен өтелуге жататын қарыздың кез келген түрі бойынша берешектің жиынтық көлемі жылжымайтын мүлік қорының активтері құнының алпыс процентінен аспауға тиіс.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 182 , 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының міндеттері

1. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы:

1) инвестициялық қор активтерінің құнын бағалауды, қозғалысын, құрамын және құнын есепке алуды, сондай-ақ пайларды одан әрі орналастырған немесе сатып алған кезде олардың құнын есептеуді жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық пай қоры активтерінің бухгалтерлік есебін бөлек жүргізуді және олар бойынша қаржылық және өзге де есептемені беруді жүзеге асыруға;

3) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын мезгіл-мезгіл, бірақ айына кемінде бір рет кастодианмен салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;

4) сенімгерлік басқару шартына немесе қордың ережелеріне сәйкес, мезгіл-мезгіл, бірақ айына кемінде бір рет акционерлік инвестициялық қорға немесе инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушыларға қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ инвестициялық пай қоры пайының есептік құны туралы хабарлауға;

5) осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қор туралы ақпаратты ашуға міндетті.

2. Басқарушы компания инвестициялық қордың активтерімен мәмілелер жасасқан кезде соның мүддесі үшін іс-әрекет ететін инвестициялық қордың атауын көрсетуге міндетті. Аталған талап бұзылған жағдайда басқарушы компания қабылданған міндеттемені өз есебінен орындайды.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін басқарушы компания үш жұмыс күні ішінде кастодианмен бірлесіп инвестициялық пай қорының таза активтерінің құнын есептеуге және уәкілетті органға пайларды бастапқы орналастырудың нәтижелері туралы есепті табыс етуге міндетті.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-тарау. Инвестициялық қордың активтерін есепке алу және сақтау

43-бап. Инвестициялық қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету

1. Инвестициялық қордың активтерін кастодиан өз активтерінен және оның өзге клиенттерінің активтерінен бөлек есепке алады және сақтайды.

2. Инвестициялық қордың активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ қордың активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу үшін кастодиан шотты инвестициялық басқаруды қордың басқарушы компаниясының жүзеге асыратынын көрсете отырып, инвестициялық қордың шоттарын ашады (жүргізеді).

3. Акционердің немесе пайларды ұстаушының, басқарушы компанияның немесе кастодианның міндеттемелері бойынша, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда, инвестициялық қордың активтерінен өндіріп алуға жол берілмейді.

Инвестициялық қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының міндеттемелері бойынша оларға тиесілі акциялардан немесе пайлардан өндіріп алынуы мүмкін.

4. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы немесе кастодианы банкрот деп танылған немесе жарияланған жағдайларда инвестициялық қордың активтері мүлтік массаға қосылмайды.

Ескерту. 43-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

44-бап. Инвестициялық қор кастодианының міндеттері

Кастодиан:

1) инвестициялық қордың акциялары мен пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізуге;

2) басқарушы компания инвестициялық қор активтерімен жасасқан мәмілелерді олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан бақылауды жүзеге асыруға және анықталған сәйкессіздіктер туралы:

уәкілетті органға;

басқарушы компанияға;

егер бұл акционерлік инвестициялық қор болса, оның атқарушы органына;

егер мәміле оның сауда жүйесінде жасалса, қор биржасына дереу хабарлауға;

3) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын есепке алуды, сондай-ақ пайларды кейінгі орналастыру немесе сатып алу кезінде олардың құнын есептеуді жүзеге асыруға;

4) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын мезгіл-мезгіл, бірақ айына кемінде бір рет басқарушы компаниямен салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;

5) инвестициялық қордың активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыруға кастодиандық шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде жаңа кастодианға осы қор бойынша қордың активтері мен құжаттарын беруге;

6) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының қызметінде анықталған бұзушылық туралы олар байқалған кезден бастап келесі күннен кешіктірмей уәкілетті органға жазбаша хабарлауға;

7) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы одан айырылған жағдайда ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының жаңа басқарушы компаниясын таңдауға не қор ережесінде белгіленген шарттармен және тәртіппен жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруды қамтамасыз етуге не инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-тарау. Инвестициялық қор туралы ақпаратты ашу

45-бап. Инвестициялық қор туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

1. Инвестициялық қор туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға, акционерлік инвестициялық қор жарғысының, инвестициялық декларациясының, акциялар шығару проспектісінің талаптарына және инвестициялық пай қоры ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

2. Инвестициялық қор туралы ақпаратта:

1) инвестициялық қордың атауы, оның басқарушы компаниясы лицензиясының атауы, берілген күні және нөмірі, инвестициялық пай қоры ережесінің тіркелген нөмірі мен күні;

2) инвестициялық қор туралы егжей-тегжейлі ақпарат алуға болатын орындар туралы (мекен-жайларын және телефон нөмірлерін көрсете отырып) ақпарат;

3) акциялар немесе пайлар құнының өсуі немесе төмендеуі, инвестициялаудың бұрынғы нәтижелерінің болашақта табыстарды айқындамайтыны, инвестицияның инвестициялық қорлардағы табыстылығына мемлекеттің кепілдік бермейтіні туралы нұсқау, сондай-ақ инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын сатып алардың алдында акционерлік инвестициялық қордың жарғысымен, оның акциялар шығару проспектісімен және инвестициялық декларациясымен, инвестициялық пай қорының ережелерімен танысу қажеттігі туралы ескерту болуға тиіс.

3. Инвестициялық қор және басқарушы компания туралы ақпарат дәйектемесіз немесе жаңылыстыратын мәліметтер, сондай-ақ:

1) басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің болашақтағы табыстылығына, соның ішінде оның бұрынғы нақты қызметі туралы ақпаратқа негізделген кепілдіктер;

2) үш жылдан астам уақыт бұрын өтіп кеткен өзге оқиғаға немесе уақыт кезеңіне қатысты басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің нәтижесіне елеулі ықпал ете алатын факторлар туралы мәлімдеулер;

3) басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің инвестициялық қордың таза активтерінің табыстылығы мен құнының нақты есебіне негізделмеген көрсеткіштерін салыстырулар;

4) инвестициялардың қауіпсіздігіне және аталған инвестицияларға байланысты ықтимал табыстар немесе шығындар мөлшерінің тұрақтылығына кепілдік беретін болашақ инвестициялар туралы мәлімдеулер;

5) басқарушы компанияның басқару дағдылары немесе сипаттамалары, сондай-ақ олардың мемлекеттік органдармен, өзге де тұлғалармен байланыстары туралы асырып көрсетілген немесе расталмаған мәлімдеулер;

6) қатарынан күнтізбелік он екі айдан аз кезең үшін инвестициялық қордың инвестициялық қызметінің кірістілігі туралы ақпарат болмауға тиіс.

4. Акционерлік инвестициялық қор, басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметі, инвестициялық қордың таза

активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштер туралы ақпараттың мазмұны үшін, оның ішінде нақты емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратқаны немесе жариялағаны үшін, сондай-ақ оны уақтылы таратпағаны немесе жарияламағаны үшін жауапты болады.

5. Акционерлер мен пай ұстаушыларды қор қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабардар ету, акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысын және жабық инвестициялық пай қоры пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыру, пайларды орналастыруды тоқтата тұру, акционерлік инвестициялық қорды тарату және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату жағдайларын қоспағанда, тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық қор туралы мәліметтер, басқарушы компанияның және осы қордың бағалы қағаздары айналыста болатын қор биржасының интернет-ресурстарын қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылмайды және сыртқы (көрнекі) жарнама арқылы таратылмайды.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

46-бап. Акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның ақпарат беруі

1. Акционерлік инвестициялық қор, басқарушы компания және акциялар немесе пайлар иелену және (немесе) сатып алу өтінімдерін қабылдау орындарындағы олардың өкілдері әлеуетті инвесторларға, акционерлерге немесе пай ұстаушыларға:

1) акционерлік инвестициялық қордың жарғысын, инвестициялық декларациясын, акциялар шығару проспектісін немесе инвестициялық пай қорының келісілген барлық өзгерістері мен толықтырулары қамтылған ережесін;

2) инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құрамы мен құны, осы мәліметтер анықталған соңғы күнгі жағдай бойынша бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді;

3) акционерлік инвестициялық қордың, инвестициялық қордың басқарушы компаниясының өткен қаржы жылында инвестициялық қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуі жөніндегі қызметін тексеру нәтижелерімен қоса олардың аудиторлық есептерінен үзінді;

4) акционерлік инвестициялық қордың, басқарушы компанияның, кастодианның және инвестициялық қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де субъектілердің кез келген өткен кезең үшін инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелуге жататын сыйақылары мен шығыстарының ықтимал және нақты мөлшері туралы мәліметтерді;

5) басқарушы компанияға және инвестициялық қордың кастодианына олардың инвестициялық қордың активтерін басқару, есепке алу және сақтау жөніндегі қызметіне байланысты қолданылған санкциялар, қадағалап ден қою шаралары, әкімшілік жазалар және өзге де әсер ету шаралары туралы мәліметтерді;

6) акционерлік инвестициялық қор, басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңдарында, акциялар шығару проспектісінде немесе қор ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес таратқан өзге де ақпаратты табыс етуге міндетті.

1-1. Активтер мен міндеттемелердің құны және құрамы, инвестициялық қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ пай ұстаушылар саны және пайдың кірістілігі туралы ақпаратты акционерлік инвестициялық қор немесе басқарушы компания уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен, нысандар бойынша және мерзімдерде береді.

2. Инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын орналастыру мен сатып алу бағасы, бір пайдың есептік құнын айқындау әдісі туралы, осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша қордың таза активтерінің құны (соның ішінде оны сатып алған кездегі бір акцияға немесе бір пайға есептегенде) туралы, акцияларды немесе пайларды иеленуге немесе сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталу мен аяқталу мерзімі, уақыты, акцияларды немесе қордың пайларын орналастыруды, сатып алуды тоқтата тұрған немесе қайта бастаған жағдайлар туралы, акцияларды немесе пайларды орналастырған және сатып алған кездегі өкілдер туралы ақпарат әлеуетті инвесторларға, акционерлерге немесе пай ұстаушыларға акционерлік инвестициялық қордың жарғысында, акциялар шығару проспектісі мен инвестициялық декларациясында немесе инвестициялық пай қорының ережелерінде көрсетілген жағдайларда, тәртіппен және тәсілдермен ақпарат беруге тиіс.

3. Акцияларды немесе пайларды орналастыру және (немесе) сатып алу процесін тоқтата тұру немесе жаңарту туралы шешім қабылданған жағдайда, акционерлік инвестициялық қор немесе басқарушы компания мұндай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде себептерін көрсете отырып, бұл жөнінде хабарлама жариялауға (таратуға) міндетті.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-тарау. Венчурлік қор

Ескерту. Заң 7-1-тараумен толықтырылды – ҚР 04.07.2018 № 174-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-1-бап. Венчурлік қордың құқықтық жағдайы

1. Жай серіктестік нысанында құрылған венчурлік қор өз қызметін оған қатысушылар бірлескен қызмет туралы шарт (бұдан әрі – венчурлік қор шарты) жасасқан күннен бастайды.

2. Венчурлік қорға қатысушылардың саны екіден кем бола алмайды.

46-2-бап. Венчурлік қордың жарғысы

Заңды тұлға түрінде құрылатын венчурлік қордың жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мәліметтерден бөлек өз қызметінің айрықша түрі Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес венчурлік қаржыландыруды жүзеге асыру мақсатында ақша мен өзге де мүлікті тарту және жинақтау болып табылатыны туралы ереже қамтылуға тиіс.

Венчурлік қор Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен банктік салым шарттарын жасасуға құқылы.

46-3-бап. Венчурлік қор шарты

1. Венчурлік қор шарты бойынша екі немесе одан көп тұлға пайда табу үшін өздерінің салымдарын біріктіруге және заңды тұлға құрмастан венчурлік қаржыландыру жөніндегі бірлескен қызметті жүзеге асыруға міндеттенеді. Венчурлік қор шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде жазылған шарт бостандығы қағидатының негізінде жасалады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, сондай-ақ көзделмеген, бірақ оған қайшы келмейтін түрлі шарттардың элементтерін қамтуы мүмкін.

2. Венчурлік қор шартында тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және венчурлік қор шартында белгіленген шектерде және көлемде қатысады, бұл ретте бір немесе бірнеше тарап (венчурлік басқарушылар) венчурлік қордың жалпы істерін жүргізуді осындай шарттың барлық тараптары атынан жүзеге асырады.

3. Жеке тұлғалар, коммерциялық ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда коммерциялық емес ұйымдар венчурлік қор шартының тараптары бола алады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ шетелдік құқық бойынша заңды тұлғалар болып табылмайтын шетелдік ұйымдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең түрде венчурлік қор шартының тарапы ретінде қатысады.

5. Венчурлік басқарушының, егер венчурлік қор шарттарының ең болмағанда біреуінде қатысуға тыйым салынған болса, бір мезгілде екі немесе одан да көп венчурлік қор шарттарына қатысуға құқығы жоқ. Венчурлік басқарушы көрсетілген

шектеуді бұза отырып жасаған венчурлік қор шарты осы шарттың кез келген басқа тарапының талап етуі бойынша венчурлік басқарушыға мұндай шарттың барлық тараптарына осыған байланысты өзі келтірген шығындарды өтеу міндетін жүктей отырып, сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

6. Венчурлік қор шартында оны дараландыру мақсатында "венчурлік қор" деген сөздерді қамтитын осы шарттың атауы (жеке-дара белгіленуі) көрсетіледі.

7. Венчурлік қор шарты тарапының ол бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруі, оның ішінде құқықтық мирасқорлық нәтижесінде беруі, сондай-ақ жай серіктестіктің венчурлік қорына жаңа қатысушыны қабылдау қолданыстағы венчурлік қор шартын тоқтатуға және оның барлық тараптары арасында жаңа венчурлік қор шартын жасасуға алып келмейді.

Егер венчурлік қор шарты тараптарының келісімінде өзгеше көзделмесе, жай серіктестіктің венчурлік қорына жаңа қатысушыны қабылдау осы шартта белгіленген талаптарда, жалпы шартқа қатысуға ниеті бар тұлғаны қосу арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда, венчурлік басқарушы мен осындай тұлға арасында венчурлік қордың жаңа қатысушысының ортақ іске салым енгізу жағдайларын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайтын қосылу туралы келісім жасалады. Бұл ретте венчурлік қор шартына өзгерістер енгізу талап етілмейді.

46-4-бап. Венчурлік басқарушының қызметі

1. Венчурлік қорға қатысушылардың мүдделерінде осы Заңда және венчурлік қорға қатысушылар жасайтын шартта белгіленген талаптарға сәйкес әрекеттер жасау арқылы венчурлік қор активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға венчурлік басқарушы болып табылады. Венчурлік басқарушы венчурлік қорға қатысушы болуы мүмкін.

2. Венчурлік басқарушы қор активтерін онымен жасалған шарт талаптарында басқару жөніндегі қызметке байланысты венчурлік қордың өкілі болып табылады. Венчурлік басқарушы сотта (төрелікте) венчурлік қордың өкілі болуға да құқылы.

3. Венчурлік басқарушы осы Заңның 46-3-бабы 5-тармағының талабын ескере отырып, бірнеше венчурлік қор активтерін басқаруға құқылы.

46-5-бап. Венчурлік қорлар қызметін жарнамалау

1. Венчурлік қорға қатысушылар және басқа да тұлғалар бұқаралық ақпарат құралдарында, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде венчурлік қор қызметі туралы жарнаманы орналастыруға, сондай-ақ жария офферта арқылы жаңа қатысушыларды тартуға құқылы емес.

2. Осы Заңды қолдану мақсаттары үшін венчурлік басқарушының интернет-ресурсында венчурлік қор туралы ақпарат орналастыру венчурлік қор жарнамасы болып табылмайды.

46-6-бап. Шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шарт

1. Венчурлік қор немесе қызметі үшін венчурлік қаржыландыру ұсынылатын тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестікке қатысушылар шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шарт жасасуға құқылы, осы шарт бойынша олар белгілі бір түрде өз құқықтарын жүзеге асыруға және (немесе) көрсетілген құқықтарды жүзеге асырудан тартынуға (бас тартуға), оның ішінде шаруашылық серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысында белгілі бір түрде дауыс беруге, дауыс беру нұсқасын шаруашылық серіктестікке басқа да қатысушылармен келісуге, үлесті немесе үлестің бір бөлігін осы шартта айқындалған баға бойынша және (немесе) белгілі бір мән-жайлар басталған кезде сатуға не белгілі бір мән-жайлар басталғанға дейін үлесті немесе үлестің бір бөлігін иеліктен шығарудан тартынуға (бас тартуға), сондай-ақ серіктестікті басқаруға, құруға, оның қызметіне, қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына байланысты өзге де әрекеттерді келісе отырып жүзеге асыруға міндеттенеді. Мұндай шарт тараптар қол қойған бір құжат жасау жолымен жазбаша нысанда жасалады.

2. Шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шарт (оның бір бөлігі немесе бөліктері):

1) шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шарт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) жасалған мерзім өткен;

2) шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы бұрын жасалған шарттың (оның бір бөлігінің немесе бөліктерінің) ережелері қайшы келетін немесе шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы бұрын жасалған шартты (оның бір бөлігін немесе бөліктерін) қамтитын, шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы жаңа шарт жасалған;

3) шаруашылық серіктестікке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге мүліктен бөлек, қатысушылардың серіктестікке қаржы қарыздары бойынша талап ету құқықтары венчурлік қор болып табылатын шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салым болуы мүмкін.

46-7-бап. Акционерлік келісім

1. Венчурлік қор немесе қызметі үшін венчурлік қаржыландыру ұсынылатын тұлға болып табылатын қоғамның акционерлері акционерлік келісім жасасуға құқылы.

2. Осы Заңның мақсаттары үшін акциялармен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру туралы және (немесе) акцияларға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы шарт акционерлік келісім деп танылады. Акционерлік келісім бойынша оның тараптары акциялармен куәландырылған құқықтарды және (немесе) акцияға құқықтарды белгілі бір түрде жүзеге асыруға және (немесе) көрсетілген құқықтарды жүзеге асырудан тартынуға (бас тартуға) міндеттенеді.

Акционерлік келісімде оның тараптарының акционерлердің жалпы жиналысында белгілі бір түрде дауыс беру, дауыс беру нұсқасын басқа акционерлермен келісу, акцияларды күні бұрын белгіленген баға бойынша және (немесе) белгілі бір мән-жайлар басталған кезде сатып алу немесе иеліктен шығару, белгілі бір мән-жайлар басталғанға дейін акцияларды иеліктен шығарудан тартыну (бас тарту), сондай-ақ қоғамды басқаруға, оның қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты өзге де әрекеттерді келісе отырып жүзеге асыру міндеттері көзделуі мүмкін.

Акционерлік келісім тараптар қол қойған бір құжат жасау жолымен жазбаша нысанда жасалады.

3. Өз акцияларына қатысты осы келісімді жасаған акционерлік келісім тарапының қоғамды басқару органдарының нұсқауларына сәйкес дауыс беру міндеттемесі акционерлік келісімнің нысанасы бола алмайды.

4. Акционерлік келісім тек оның тараптарына ғана міндетті болып табылады. Акционерлік келісімнің тарапы акционерлік келісімді бұза отырып жасаған шартты акционерлік келісімнің мүдделі тарапының талап қоюы бойынша шарттың басқа тарапының акционерлік келісімде көзделген шектеулер туралы білетіні немесе көрінеу білуге тиіс екені дәлелденген жағдайларда ғана, сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

5. Акционерлік келісімде акционерлік келісімнен туындайтын міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдері және осындай міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шаралары көзделуі мүмкін.

Акционерлік келісім тараптарының осы келісімге негізделген құқықтары, оның ішінде келісімді бұзу арқылы келтірілген залалдардың өтелуін, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) өндіріп алынуын, өтемақыны (нақты ақшалай соманың немесе акционерлік келісімде көрсетілген тәртіппен айқындауға жататын соманың) төленуін немесе акционерлік келісімді бұзуға байланысты өзге де жауаптылық шараларының қолданылуын талап ету құқықтары сот, төрелік арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қорғалуға жатады.

6. Акционерлік келісім (оның бір бөлігі немесе бөліктері):

1) акционерлік келісім (оның бір бөлігі немесе бөліктері) жасалған мерзім өткен;

2) бұрын жасалған акционерлік келісімнің (оның бір бөлігінің немесе бөліктерінің) ережелері өзіне қайшы келетін немесе бұрын жасалған акционерлік келісімді (оның бір бөлігін немесе бөліктерін) қамтитын жаңа акционерлік келісім жасалған;

3) акционерлік келісімде көзделген өзге де жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

46-8-бап. Опциондық шарт

1. Венчурлік қорға қатысушылар, венчурлік қорға қатысушы болу ниеті бар тұлғалар, венчурлік қор, қызметі үшін венчурлік қаржыландыру ұсынылатын стартап-компания және (немесе) осындай стартап-компанияға қатысушылар (

акционерлер) венчурлік қордың және (немесе) стартап-компанияның активтеріне не оларға қатысуға қатысты өзара опциондық шарттар жасасуға құқылы.

Қызметі үшін венчурлік қаржыландыру ұсынылатын стартап-компания және (немесе) осындай стартап-компанияға қатысушылар (акционерлер) стартап-компанияның жұмыскерлерімен стартап-компанияның мүлкіне немесе оған қатысуға қатысты опциондық шарттар жасасуға да құқылы.

Осы Заңның мақсаттары үшін опциондық шарт деп оған байланысты бір тарап осындай шартта көзделген талаптарда басқа тараптан (басқа тараптардан) шартта белгіленген мерзімде опциондық шартта көзделген әрекеттерді жасауын, оның ішінде ақша төлеуін, мүлікті беруін немесе қабылдауын талап етуге құқылы болатын шарт танылады. Опциондық шартта осындай шартпен айқындалған мән-жайлар басталған кезде опциондық шарт бойынша талап мәлімделді деп есептелетіні көзделуі мүмкін.

Егер опциондық шартта көзделген әрекеттер жасау туралы талап белгіленген мерзімде мәлімделмесе, опциондық шарт тоқтатылады.

Опциондық шартты жасасу және орындау кезінде "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармағының талаптары сақталуға тиіс.

2. Опциондық шартта, оның ішінде коммерциялық ұйымдар арасында жасалған опциондық шартта оның өтемсіз екендігі көзделген не егер осындай шартты жасасу тараптардың қатынастарынан туындайтын өзге де мән-жайға немесе заңмен қорғалатын өзге де мүддеге байланысты болған жағдайларды қоспағанда, тарап опциондық шарт бойынша талапты мәлімдеу құқығы үшін осындай шартта көзделген төлемді төлейді.

3. Егер опциондық шартта өзгеше көзделмесе, опциондық шарт тоқтатылған кезде осы баптың 2-тармағында көзделген төлем қайтарылуға жатпайды.

46-9-бап. Шарт жасасуға арналған опцион

1. Венчурлік қорға қатысушылар, венчурлік қорға қатысушы болу ниеті бар адамдар, венчурлік қор, қызметі үшін венчурлік қаржыландыру ұсынылатын стартап-компания және (немесе) осындай стартап-компанияға қатысушылар (акционерлер) венчурлік қордың және (немесе) стартап-компанияның мүлкіне не оған қатысуға қатысты өзара шарт жасасуға арналған опцион (құқық) (шарт жасасуға арналған опцион) беру туралы келісім жасасуға құқылы.

Қызметі үшін венчурлік қаржыландыру ұсынылатын стартап-компания және (немесе) осындай стартап-компанияға қатысушылар (акционерлер) стартап-компанияның активтеріне немесе оған қатысуға қатысты шарт жасасуға арналған опционды осындай стартап-компанияның жұмыскерлеріне беруге де құқылы.

Осы Заңның мақсаттары үшін шарт жасасуға арналған опцион деп бір тарап кері қайтарып алынбайтын оферта арқылы басқа тарапқа шарт жасасуға арналған опционда көзделген талаптарда бір немесе бірнеше шарт жасасу құқығын беретін шарт танылады.

Шарт жасасуға арналған опционда акцепт осындай опционда айқындалған, оның ішінде тараптардың бірінің ерік-жігеріне тәуелді болатын жағдай басталған кезде ғана мүмкін болады деп көзделуі мүмкін.

Шарт жасасуға арналған опционды жасасу және орындау кезінде "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармағының талаптары сақталуға тиіс.

2. Шарт жасасуға арналған опционда кері қайтарып алынбайтын офертаның акцепті үшін мерзім белгіленбеген жағдайда, бұл мерзім, егер шарттың мәнінен немесе әдет-ғұрыптан өзгеше туындамаса, бір жылға тең деп саналады.

3. Егер шарт жасасуға арналған опционда өзгеше көзделмесе, ол бойынша төлем кері қайтарып алынбайтын оферта негізінде жасалған шарт бойынша төлемдер шотына жазылмайды және акцепт болмаған жағдайда қайтарылуға жатпайды.

4. Шарт жасасуға арналған опционда жасалуға жататын шарттың нысанасын және басқа да елеулі талаптарын айқындауға мүмкіндік беретін талаптар қамтылуға тиіс.

Жасалуға жататын шарттың нысанасы кері қайтарып алынбайтын офертаның акцепті сәтінде оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін кез келген тәсілмен сипатталуы мүмкін.

5. Шарт жасасуға арналған опцион жасалуға жататын шарт үшін белгіленген нысанда жасалады.

6. Шарт жасасуға арналған опцион, егер осындай келісімнің мәнінен өзгеше туындамаса, басқа келісімге қосылуы мүмкін.

7. Шарт жасасуға арналған опцион бойынша құқық, егер осы келісімде өзгеше көзделмесе немесе оның мәнінен өзгеше туындамаса, басқа тұлғаға берілуі мүмкін.

46-10-бап. Венчурлік қаржыландыру мақсатында жасалатын шарттардың ерекшеліктері

1. Венчурлік қаржыландыру мақсатында шарт жасасқан тараптың, егер:

1) мән-жайлар туралы анық емес растамалар ұсынған тарап олардың анық еместігі туралы және контрагенттің келісілген талаптарда шарт жасасу кезінде осындай анық емес растамаларға сүйенетіні туралы білсе немесе білуге тиіс болса;

2) мән-жайлар туралы растамалар жазбаша нысанда жасалса және оларда осындай растамаларды берген тұлғаның осы арқылы өзі үшін міндеттемелер немесе өзге де азаматтық-құқықтық салдар жасау жөніндегі айқын ниеті болса, басқа тараптың шартты жасасу, оны орындау немесе тоқтату үшін маңызы бар мән-жайлар туралы анық емес растамаларына ақылға қонымды түрде сүйене отырып, өзіне келтірілген залалдарды өтетуге құқығы бар.

2. Шартты жарамсыз деп тану осы баптың 1-тармағында көзделген салдардың басталуына кедергі келтірмейді.

3. Міндеттеме тараптары өздерінің венчурлік қаржыландыруды жүзеге асыруы кезінде әрекет ете отырып, шартта бір тараптың басқа тараптың шартта айқындалған мән-жайлар басталған кезде туындаған және оның тарапының міндеттемені бұзуына

байланысты емес мүлiктiк жоғалтуларын (мiндеттеменi орындаудың мүмкiн болмауынан, үшiншi тұлғалардың немесе мемлекеттiк билiк органының шартта көрсетiлген тарапқа немесе үшiншi тұлғаға талаптар қоюынан туындаған жоғалтулар және басқалары) өтеу мiндетiн көздей алады. Шартта осындай жоғалтуларды өтеу мөлшерi немесе оны анықтау тәртiбi айқындалуға тиiс.

4. Тараптың жоғалту мөлшерiн ұлғайтуға әдейi жәрдемдескенi дәлелденсе, сот шарт тараптары көздеген жоғалтуларды өтеу шегiн төмендетуге құқылы.

5. Шарт тараптары көздеген жоғалтулар, егер шартта өзгеше көзделмесе, шарттың жасалмаған немесе жарамсыз деп танылуына қарамастан өтеледi.

6. Жоғалтулар үшiншi тұлғаның заңсыз iс-әрекеттерiне байланысты туындаған жағдайда, кредитордың осы үшiншi тұлғаға залалдарды өтеу туралы талабы осындай жоғалтуларды өтеген тарапқа өтедi.

7. Осы баптың қағидалары, жоғалтуларды өтеу туралы талап акционерлiк келiсiмде (шаруашылық серiктестiкке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шартта) не акцияларды немесе шаруашылық серiктестiктiң жарғылық капиталындағы үлестердi иелiктен шығару туралы шартта көзделген, оның iшiнде осындай акционерлiк келiсiмнiң (шаруашылық серiктестiкке қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыру туралы шарттың) тарапы кәсiпкерлiк субъектiсi болып табылмайтын жеке тұлға немесе мемлекет болып табылған жағдайларда да қолданылады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

47-бап. Осы Заңды бұзғаны үшiн жауаптылық

Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

48-бап. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күшi жойылды деп тану туралы

"Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының күшi жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентiнiң Жаршысы, 1997 ж., N 5, 57-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат).

Қазақстан Республикасының
Президентi